

А.Н. Жумадилова

ӨРТУРЛІ ЖАС КЕЗЕҢІНДЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАСИЕТТІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ОТВЕТСТВЕННОСТИ В РАЗНЫХ ВОЗРАСТАХ FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF RESPONSIBILITY AT DIFFERENT AGES

В статье рассматривается проблема ответственности личности как психологического феномена. Дана характеристика когнитивным, мотивационным, эмоциональным и поведенческим компонентам ответственности как свойства личности. Представлены эмпирические данные исследования структурных компонентов и особенностей развития ответственности у представителей разных возрастных групп.

Ключевые слова: ответственность, когнитивность, мотивация, поведение детей, подготовка к обучению, социальная ответственность, жизненные направленность.

The article deals with the problem of individual's responsibility as a psychological phenomenon. Characteristics of the cognitive, motivational, emotional and behavioral components of responsibility as a personality are given. Empirical research data of structural components and features of responsibility development in representatives of different age groups are presented.

Keywords: responsibility, cognition, motivation, behavior of children, preparation for learning, social responsibility, life orientation.

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Педагогика және психология ғылымдарында жауапкершіліктің қалыптасуы мәселесіне қатысты соңғы шыққан еңбектер 20 ғасырдың 40–60 жылдары уақытын қамтиды. Бұл кезеңде балаларда жауапкершілікті қалыптастырудың негізгі тәсілдерін анықтауға байланысты эксперименттік зерттеулер (З.Н. Борисова, В.А. Горбачева, К.А. Климова, Л.С. Славина) балалардың қандай да бір ережелерді орындауын, берілген тапсырмаларды жоспарлы орындауын, сондай-ақ, балаға жүктелген міндеттемені басқару сияқты әрекеттерді үйренуін қарастырған болатын. Бұл механизм жауапкершіліктің

калыптасуы ересектер тарапынан бақылаудың негізінде жүзеге асатын тәртіптіліктің, орындаушылық қасиетті дамытуын тәрбиелеумен түсіндіріледі. Осының негізінде жауапкершілік тұлғалық қасиеттің маңызды факторы ретінде қарастырылмай, тек балалардың жүріс-тұрыс ережелерін орындау мен меңгеру ретінде ғана қарастырылды. К. Муздыбаева айтып көрсеткендей: «Қандай да бір білім де, әлеуметтік мәнді іс-әрекетті орындау да немесе нақты бір әрекетті нәтижелі орындау да – жауапкершіліктің ойдағыдай қалыптасуына жеткіліксіз болады» [1, с. 108]. жауапкершіліктің дамуы мен қалыптасуына байланысты зерттеулерді талдай келе айтуға болады: балалардың когнитивті белсенділігі, ережелер мен тәртіпті саналы түсінуі, міндеттелген жүктемені дер кезінде және сапалы орындауы – жауапкершіліктің мінез-құлықтық аспектісі бола алады. Ал жауапкершіліктің эмоциялық аспектісі – мазасыздану, қорқыныш, алаңдаушылық, тырысушылық сияқты психологиялық күйі аса зерттелінбеген. Негізінен алғанда, жауапкершілік тұлғаның маңызды қасиеттерінің бірі болып табылады. Ол өзі үшін де, басқалар үшін де маңызы зор істі орындау қажеттілігін саналы түсініп, эмоционалды алаңдаушылықта, әрі жауапкершіліктің мінез-құлықтық көрсетуге даярлығынан көрінеді. Жауапкершілік қасиеттің дамуының теориялық негізіне мынаны жатқызуға болады: Жауапкершілік – тұлғаның когнитивті, мінез-құлықтық және эмоционалды компоненттерін тұратын интегралды қасиеті [2, с. 78].

Енді әртүрлі жастағы балаларда жауапкершіліктің дамуы мен қалыптасуы туралы айтар болсақ, әуелі мектеп жасына дейінгі балаларды қарастырайық. Мектепке дейінгі жас – баланың ауыспалы кезеңі болып табылады. Баланың оқып-үйрету ортасы баладан өзін-өзі бақылауын, өзінің жүріс-тұрысын қоғамдық нормалар мен талаптарға сәйкес құра білуді талап етеді. Дәл осы кезеңде жауапкершілік пен міндеттің алғашқы шынайы сезімдері пайда бола бастайды, дегенмен бала мұны әлі саналы түсіне бермейді және мінез-құлқында айқын байқала бермейді. Зерттеулер көрсеткендей мектептегі оқуға даярлық кезінде және оқып-үйрету кезінде баланың жауапкершілігінің дамуы белсенді жүре бастайды. Осы кездегі тәрбие жүйесіндегі маңызды міндет: тұлғаның жауапкершілік қасиетінің дамуына жағдай жасау болып табылды.

Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың жауапкершілік ерекшеліктерін анықтау мақсатында студенттермен бірлесе отырып баланың жауапкершілік жөніндегі көзқарасын анықтауға бағытталған ата-аналары үшін құрастырылған сауалнама және «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесін қолдану арқылы жүргізген эксперименттік зерттеулердің негізінде мынадай нәтиже алдық. Жауапкершіліктің орташа деңгейі кіші мектеп оқушыларының 46 % анықталды. Ал, мектепке дейінгі жастағы балаларда зерттеу нәтижелері бойынша мектеп жасындағы балаларға қарағанда әлдеқайда азырақ – 41 %. Жауапкершілік жөнінде мүлдем білмейтін балалар пайызы – 37 % – мектепке дейінгі жастағы балаларда, 6 %-кіші мектеп жасындағы балаларда.

Жоғары сынып оқушыларында жауапкершілік қасиеті көбінесе әлеуметтік жауапкершілікпен ұштасып келеді. Осы орайда Т.Н. Сидорованың зерттеулерінде әлеуметтік жауапкершілік тұлғаның дамуының көрсеткіші болып табылады [3, с. 19]. Сондықтан, біздің қоғамның дамуының жаңа сатысында өсіп келе жатқан ұрпақтың әлеуметтік жауапкершілігін тәрбиелеу негізгі рөлді алады. Қазіргі кезде әлеуметтік жауапкершілік мәселесіне арналған зерттеулерде осы ұғымға нақты психологиялық талдау жасауға жеткілікті деңгейде көңіл бөліне бермейді. Психологиялық, педагогикалық әдебиеттерде әлеуметтік жауапкершіліктің құрылымы 3 компоненттен тұрады: когнитивті, мотивациялық, мінез-құлықтық. Когнитивті компонент – тұлғаның әлеуметтік жауапкершілік жайлы алған білімдерінің жүйесі, жүріс-тұрыс нормалары. Мотивациялық компонент – әлеуметтік жауапкершілік мінез-құлықның мотивтер иерархиясын құрайды. Мінез-құлықтық компонент – әлеуметтік жауапкершілік мінез-құлқына сай келетін белгілі бір мінез-құлық жолын таңдау. Т.Н. Сидорова жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік жауапкершілігін эксперименттік зерттеу мақсатында Кэттел әдістемесін (фактор G) (10 сұрақ қойылған) және «Идеал образын құрастыру» әдістерін қолданған. Екі әдістеме арқылы жүргізілген зерттеудің нәтижелеріне талдау жасай отырып, келесідей қорытындыларға келеді: біріншіден, зерттелген жоғарғы сынып оқушыларының көп бөлігі әлеуметтік жауапкершілік жөнінде орта білім көрсеткішін көрсетеді және моральдық норма, ережелерге бағынуға ішкі позициясының тұрақсыздығын көрсетеді. Екіншіден, оқушылар әлеуметтік нормалар мен ережелерге деген жақсы қатынаста болса да, әлеуметтік жауапкершілік жайлы ойларын вербализациялауда үлкен қиындық сезінеді.

Жауапкершілік адам мен тұтас қоғамның өмірлік іс-әрекетінің барлық сфераларында үлкен маңызға ие. Әсіресе, жауапкершілік қасиетінің жасөспірімдік және ерте есеу шағында дамуы мен қалыптасуы мәнді болып келеді. Себебі, ол адам болмысы мен адамгершілігінің бірінші, фундаментаальды қағидасы болып табылады. Қазіргі кезде мектеп оқушылары жауапкершілікті ішкі реттеу және сыртқы бақылау деп түсінеді. Кейбір психологиялық арнайы зерттеулерде жауапкершілік феноменін

интерпретациялаудың көпқырлылығы мен бірмәнді еместігі айқындалады. Яғни бұл ұғымды жалпығылыми категориялардан бөліп алу қиын. Т.В. Слотинаның Ресей мектептеріндегі 9–11 сыныптар арасында және университеттің 1 курс студенттерімен жүргізген эксперименттік зерттеулерінен алынған нәтиже мынаны көрсетеді [4, с. 32]: Заманауи мектеп оқушылары жауапкершілікті әр түрлі түсінеді. Айталық, оқушылардың 30 %-і жауапкершілікті моральді іс-әрекет, борыш деп санайды; респонденттердің қадағалау; 12 %-і құндылықтық бағдар ретінде түсінеді. Сонымен қатар, 27 %-і жауапкершілікті ішкі реттеушілік ретінде түсінеді; 25 %-і сыртқы мектеп оқушылардың пікірі бойынша жауапкершіліктің қалыптасуына ата-аналардың келтіретін мысалдары (67 %), әсер етсе, кейбір оқушылар өзіндік өмірлік тәжірибелері (29 %) әсер ететіндігін айтады. Ал әдеби шығармаларды оқу мен БАҚ сияқты факторлардың әсері мүлдем болмаған деп айтуға болады.

Жауапкершілік еріктік қасиеттер теориясындағы ең күрделі феномендердің бірі. Осы орайда колледж және жоғары оқу орындарындағы студенттердің жауапкершілік қасиеттерінің дамуы мен қалыптасуы туралы сөз етуге болады. Себебі, жауапкершілік – колледж және жоғары оқу орындары студенттері тұлғасының жүйелі сапасы ретінде қарастырылады. В.В. Пшеничнаяның зерттеулеріне шолу жасар болсақ, ол өз экспериментіне 17–24 жас аралығындағы жастарды ала отырып, студенттердің жауапкершілігін эмпирикалық тұрғыда талдауға тырысты [5, с. 70]. Оның мәліметі бойынша жеткіншектік, ерте жасөспірімдік және жасөспірімдік шақтарға жауапкершіліктің төмен деңгейде болатынын көрсетеді. Яғни оқушылардың жасына тәуелсіз, денсаулық сферасында, жетістік және өндірістік қарым-қатынастарда жауапкершілік төменгі көрсеткіштерге ие. Бірақ жеткіншектік және жасөспірімдік шақтарда тұлғаралық қарым-қатынастар аймағында адалдық жоғары деңгейге тән. Бұл, оқушылардың осы жастық кезеңдерінде өздерін тұлғаралық қарым-қатынастарды құруға жауапкершілікті жоғары сезінетіндігінің дәлелі бола алады. Ал жасөспірімдік шақта студенттер болашақ өмірлік серігін іздеумен айналысады.

Қорыта айтқанда, жауапкершілік тұлғалық қасиет ретінде бірнеше компоненттерді (когнитивті, мотивациялық, эмоционалдық, мінез-құлықтық) қамтиды. Және жауапкершілік әртүрлі жас кезеңдерінде әр компоненттің доминанттылығымен ерекшелінеді.

Литература

1. Муздыбаев К. Психология ответственности. Л., 1983.
2. Дементий Л.И., Гроголева О.Ю. Особенности ответственности в дошкольном и младшем школьном возрасте // Сборник материалов Ежегодной междунар. науч.-практ. конф. «Воспитание и обучение детей младшего возраста» / ФГБОУ ВПО «Омский государственный университет им Ф.М. Достоевского». Омск, 2016.
3. Т.Н. Сидорова. особенности социальной ответственности у старшеклассников // Вопросы психологии. № 5. 1987.
4. Т.В. Слотина. Ответственность как психологический феномен // Гуманитарный вектор. № 1. 2009.
5. Пшеничная В.В. Исследование ответственности как системного качества личности студентов колледжа // Психологические науки: теория и практика: материалы II Междунар. науч. конф., Москва, март 2014 г. М., 2014. С. 70–73.